

6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Салыбекова Фарида Муратовнаның «Білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекші, педагогика ғылымдарының докторы, профессоры Н.Ш. Алметовтың

ШҚІРІ

Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында алға қойылған адам капиталын дамытудың жаңа міндеттері, Қазақстан Республикасында ғылым мен жоғары білімді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған концепциясында алға қойылған жоғары стратегиялық бағыттар, одан туындайтын ЖОО-ында болашақ шет тілі мұғалімдерін даярлауды жаңғырту міндеттері мен айқындалады.

XX ғасырдың ортасында АҚШ-та пайда болған білім берудің 4К тұжырымдамасы қазіргі таңда білім беру жүйесін модернизациялаудың өзекті бағытына айналды. Білім беру мекемелерінің түлектеріне 4К (қарым-қатынас, командамен жұмыс, шығармашылық, сыни ойлау) тұжырымдамасын жасаушы білім берудегі көшбасшылар болашақ маман бойында еңбек нарығында сұраныс пен бәсекелестік қабілеттерін қалыптастырудағы жоғары әлеуетін дәлелдеді. Қазіргі таңда отандық жоғары білім беру жүйесінде білім берудің 4К моделін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыруда пайдалану мәселесін тәжірибелік тұрғыдан да, теориялық тұрғыдан да өзекті, өйткені бұл бағыттағы ұмтылыстарды әлі де мақсатты, әрі жүйелі деуге болмайды.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының мәселесі қоғамның кәсіби құзыретті мамандарға қоятын талаптарының күшеюі мен білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардан туындайды.

Ізденуші жоғары білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент негізінде тексеру мақсатын алға қойған.

Диссертацияның құрылымы зерттеудің кешенді сипаты мен логикасына, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Зерттеліп отырған мәселені шешу барысында қазіргі педагогикалық теориядағы заманауи білім беру парадигмаларына негізделіп ізденуші болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін 4К модель негізінде қалыптастырудың теориялық мәнін және ерекшеліктерін айқындаған.

Ізденуші білім берудің 4К моделі негізінде болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған ғылыми педагогикалық, психологиялық және оқу-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау негізінде мынандай жаңа, шынайы нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже. білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеген.

Екінші нәтиже: білім берудің 4К моделінің құрылымы мен мазмұны нақтылаған.

Үшінші нәтиже: білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеген және негіздеген.

Төртінші нәтиже: 4К модель негізінде болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігі педагогикалық шарттарын анықтаған.

Бесінші нәтиже: білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелдеген.

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелердің шынайылығы мен дәлелділігі зерттеу мақсатына сай ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері мен психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістемелер кешенін пайдаланылуы, білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесін зерттеудің арнаулы әдіснамалық тұғырларын айқындау және іске асыру арқылы қамтамасыз етілген.

Жүргізілген теориялық зерттеулер мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелерін талдау ізденушіге білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша негізді теориялық және практикалық қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген.

Ізденуші зерттеу барысында әзірлеген білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу барысында алынған нәтижелерді педагогикалық жоғары оқу орындарында тәжірибесінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері 7 мақалада көрініс табады, оның ішінде, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3, Scopus деректер қорына енетін басылымда – 1, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағында 2 мақала жарық көрді.

Диссертанттың жарияланымдары диссертация мазмұнын толықтай сипаттайды. Диссертант Ф.М. Салыбекованың ұсынылып отырған жұмысы дербес орындаған, ғылыми деңгейі жоғары және болашақ шет тілі пәні мұғалімдерін даярлау үшін практикалық маңызы зор зерттеу жұмысы ретінде

бағаланады. Автор психология және педагогика ғылымдары саласында зерттеушіге тән барлық тұлғалық сапаларды бойында қалыптастырған, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдіснамасы, теориясы мен әдістемесін жете меңгерген ізденуші деп санаймыз.

Ф.М.Салыбекова жас ғалым ретінде зерттеудің іргелі және қолданбалы аспектілерін жетік және ғылыми тұрғыдан зерделеген. Сыни ойлау және мәселелерді креативтілікпен шешуге қабілетті ғылыми нәтижелері кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан болашақ педагогтарды дайындау сапасын қамтамасыз етуге үлес қосады.

Салыбекова Фарида Муратовна 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыптағы докторлық диссертациясы аяқталған дербес орындалған және талаптарға сай рәсімделген ғылыми зерттеу жұмысы болғандықтан, қорғауға ұсынылады.

Отандық ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



Алметов Н.Ш.